

А.Б. Айтбембетова^{*1}, Г.А. Алтынбекова¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

*E-mail: Aida.Aitbembetova@kaznu.kz

ЖАҢА ДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА ҚАУІПСІЗДІГІ

XX ғ. соңында «ұлттық экономикалық қауіпсіздік» термині мемлекет басқаруында маңызды орынға ие бола бастады. Ұлттық экономикалық қауіпсіздік – бұл елдің сыртқы және ішкі қауіп қатерлерге төтеп бере алуы, экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етуі мен елде тұратын халықтың қажеттіліктерін қамтамасыз ете отырып, даму. Ұлттық экономиканың тұрақтылығы экономикалық жүйенің орнықтылығын, күтпеген факторлардан қорғаныштығын білдіреді. Ол үшін мемлекеттер ұлттық экономикалық қауіпсіздіктің даму жолдарын әзірлейді. Экономикалық қауіпсіздікте елдің тұтастай экономикалық жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер айтарлықтай мәнге ие, мысалы: инфляция, жұмыссыздық деңгейі, Джини коэффициенті, табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасынан төмен халықтың үлесі т.б. Мақалада экономикалық қауіпсіздік ұғымына анықтама беріліп, негізгі көрсеткіштерге талдау жасалған, сондай-ақ Қазақстан үшін даму жолдары ұсынылған.

Түйін сөздер: экономикалық қауіпсіздік, тұрақтылық, қауіпсіздік, қауіп, экономикалық көрсеткіштер.

A.B. Aitbembetova, G.A. Altynbekova

National economic security of the state in the context of globalization

At the end of XX century of the term “national economic security” became important in management of the country. National economic security – is a stability of the country both internal and external threats, also when country can provide stability of economy and develop providing demands of the people living in this country. Stability and sustainability of national economy reveals the strength of economic system, security from different unforeseen factors. For this reason countries develop economic security. The indicators reflecting a condition of the country in general such as inflation, unemployment rate, Jeanie’s coefficient and the part of the population with the below a living wage and so on are vast important for economic security. The article reveals the general concept of economic security, the analysis of its’ main indicators, also in the article are provided the ways of development of Kazakhstan.

Key words: Economic security, safety, threat, economic indicators.

A.B. Айтбембетова, Г.А. Алтынбекова

Национальная экономическая безопасность государства в условиях глобализации

В конце XX в. термин «национальная экономическая безопасность» начала принимать важное значение в управлении государства. Национальная экономическая безопасность – это положение страны, устойчивой как внутренним, так и внешним угрозам, может обеспечить стабильность экономики, развиваться обеспечивая нужды людей, проживающих в этой стране. Устойчивость и стабильность национальной экономики показывает прочность экономической системы, защищенность от разных непредусмотренных факторов. Для этого страны разрабатывают пути развития национальной экономической безопасности. Важное значение для экономической безопасности имеют показатели, отражающие состояние страны в целом, такие как: инфляция, уровень безработицы, коэффициент Джини и доля населения с доходами ниже прожиточного минимума и т.п. В статье дано общее понятие экономической безопасности, анализ основных ее показателей, а также предоставлены пути развития Казахстана.

Ключевые слова: экономическая безопасность, устойчивость, безопасность, угроза, экономические показатели.

Кіріспе

Жаһандану үрдісі жаңа салалар мен технологияларды қамтуда. Бәсеке қабілеттілікке жету мен қауіпсіздік деңгейінің дамуы үшін елдің «жоғары» мәртебесі болуы қажет. Экономикадағы адамның рөлі мен адамның өзі, экономиканың тәуекелділігі оның дамуының мүмкіндігі өзгеруде.

Жаһандану жағдайындағы экономикалық қауіпсіздікті талдау негізі қарқынды дамып келе жатқан әлем нарықтарының сегменттеріндегі тәуелділік пен қауіптің алдын алуда жатыр: капитал нарығы, тауар, қызмет, интеллектуалды жеке меншік өнімдері [1].

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында жаһандық әлемдік экономикадағы мемлекеттер үшін қауіпсіздік мәселесі өзекті болып отыр. Қауіпсіздіктің көптеген түрлері бар: саяси, экономикалық, техникалық, ақпараттық, экологиялық, азық-түлік және т.б. Экономикалық қауіпсіздік күрделі әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде кешенді ғылыми зерттеу жұмыстарын талап етеді.

Экономикалық қауіпсіздік ұлттық экономиканың қарқынды өсуіне, оның қоғамның, мемлекеттің, тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыруына, сыртқы нарықта бәсеке қабілеттілікті қамтамасыз ету секілді сыртқы және ішкі шарттардың жиынтығын білдіреді. Сондықтан мемлекеттерге қатысты экономикалық қауіпсіздік маңызды болып келеді. Біріншіден, мемлекеттің экономикалық жағдайы мемлекеттің әлемдік ынтымақтастықтағы саяси күшін анықтайды. Екіншіден, мемлекеттің экономикалық потенциалында оның басқа мемлекеттердің өктемдік жүргізуіне қарсы тұра алу қабілеті бекітіледі. Үшіншіден, мемлекеттің экономикалық жағдайынан азық-түлікпен қамтылу, техникалық, ақпараттық, қаржылық қауіпсіздіктер тәуелді. Соған орай, экономикалық қауіпсіздік түрлі қауіптерге бейім. Бұл қауіпсіздіктің терендеуі, күрделенуі интеграциялық үрдістер мен жаһандану нәтижесінде пайда болады. Экономикалық қауіпсіздіктің алдын алу үшін оның ұғымын жетік білу, қандай себептер әсер ететінін және оның қандай салдарға алып келетінін білу нәтижесінде алдын алу жолдарын ұсынуға болады. Алайда экономикалық қауіпсіздіктің ортақ анықтамасы жоқ, түрлі автор өз бетінше пайымдайды. Сол себептен экономикалық қауіпсіздік ұғымының жалпы анықтамасын беріп, оған әсер ететін факторларды талдау және оның негізінде мемлекеттің даму жолын ұсыну осы мақаланың басты мақсаттары болып отыр.

Эксперименттік бөлім. Экономикалық қауіпсіздіктің ең қысқа анықтамасын В.И. Ярочкин: бұл экономиканың сыртқы және ішкі қауіптерден қорғалу жағдайы деп берген болатын. Экономикалық қауіпсіздік саласындағы атақты маман В.К. Сенчагованың пікірінше, ұлттық мүдде қорғанысы кепілдендірілген түрде қамтылатын жалпы мемлекеттің әлеуметтік бағытталған дамуы сыртқы және ішкі үрдістердің қолайсыз даму жағдайының өзінде жеткілікті қорғаныс потенциалы бола алатын экономикалық қауіпсіздіктің мәні экономикалық жағдай мен билік институты ретінде анықтауға болатындығы.

И.П. Белозеровтің пікірінше, мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі – шектелген экономикалық ресурстың әлемдік бәсекелестік жағдайында экономикалық мүдделерді толық жүзеге асыру мақсатында оның тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз ететін ұлттық экономика қасиеттерінің сыйымдылығы. Яғни, көріп отырғанымыздай «экономикалық қауіпсіздіктің» түрлі анықтамалары бар, біз жалпылама келесі анықтаманы берген болар едік: экономикалық қауіпсіздік – экономикалық қауіптерден қорғана отырып, мемлекеттің тұрақты дами отырып, ұлттық мүдденің кепілдендірілген қорғанысын қамтамасыз етуі.

Ресей академигі Л. Абалкин экономикалық қауіпсіздік құрылымының үш негізгі элементін айқындап көрсетеді:

Экономикалық тәуелсіздік: халықаралық еңбек бөлінісі ұлттық экономиканы бір-біріне өзара тәуелді ететіндіктен, заманауи әлемдік шаруашылық жағдайында абсолютті сипаты болмайды. Экономикалық қауіпсіздік дегеніміз мемлекеттің ұлттық ресурстарды қадағалай алуы мен барлық халықаралық экономикалық қатынастарға тең құқылы қатыса алу мүмкіндігі;

Ұлттық экономиканың тұрақтылығы мен орнықтылығы;

Өздігінен даму мен үрдіске қатысу қабілеті.

Бұдан көретініміз, экономикалық қауіпсіздіктің құрылымы күрделі болып келуінде [2].

Тұрақтылық пен қауіпсіздік – бірыңғай жүйе ретінде экономиканың маңызды сипаттамалары. Оларды қарама-қарсы қоюдың қажеті жоқ, олардың әрқайсысы экономиканың жағдайын сипаттайды.

Қауіпсіздік – аман қалуға ұмтылу мен ішкі, сыртқы қауіп жағдайы орын алғандағы байланыстар тұрғысынан объектінің жүйедегі жағдайы, сондай-ақ болжау мүмкін емес немесе қиын болжанатын факторлар әрекетін білдіреді.

Экономикалық жүйе тұрақты болған сайын өндірістік және қаржылық банктік капитал т.б. қатынастар соғұрлым экономикалық өмірге бейімді болып келеді, яғни, оның қауіпсіздігін бағалау жеткілікті түрде жоғары болады [3].

Көптеген ғалымдар экономикалық қауіпсіздіктің деңгейлеріне мән берген, олардың пікірінше, жеткілікті мөлшердегі экономикалық қауіпсіздік деңгейімен қамтамасыз етілмейінше, мемлекет ішінде және сыртында, халықаралық деңгей алдында тұрған міндеттерді шешу мүмкін емес. Экономикалық қауіпсіздік қатерлері кез келген экономикалық субъектінің қызметінде тепе-теңсіздік жағдайын тудыруы мүмкін. Бұл экономикалық қауіпсіздікті мемлекет, жаһандық деңгейде қамтамасыз ету мемлекеттің жалпы стратегиялық міндетіне айналуы керек. Түрлі экономикалық жүйедегі кеңістіктік шектеулерде қолданылатын негізгі экономикалық қауіпсіздік деңгейлеріне тоқталып өтсек:

Мегаэкономикалық, жаһандық деңгей. Бұл деңгейде жалпы әлемдік экономикалық жүйенің экономикалық мүдделері қарастырылады, экономикалық өмірдің негізгі көрсеткіштерін сақтаумен байланыстырылады. Халықаралық экономикалық қауіпсіздік ұғымы қалыптасады және оны қамтамасыз етуде халықаралық ұйымдардың орны ерекше. Халықаралық ұйымдар елдердің азық-түлікпен қамтамасыз етілуін, сауатты халық санын арттыру, бейбітшілік орнату, кедейшілікпен күрес секілді шаралар негізінде әлемдік деңгейде тұрақтылық қалыптасуға ұмтылады.

Мемлекеттік топтар деңгейі. Әлемдік экономикалық кеңістікте ұлттық экономикалық мүдделерді толық жүзеге асыру мақсатында жекелеген елдердің түрлі сипаттағы интеграциялық топтарға бірігуі. Бұл жағдайда экономикалық қауіп-қатерлер ауқымды экономикалық ресурсы бар және өзінің экономикалық экспансиясын одаққа мүше мемлекеттерге қатысты жүзеге асыратын мемлекеттер мен блоктардан болады.

Макроэкономикалық деңгей ұлттық экономикада беріледі және сәйкесінше, ұлттық экономикалық мүдделерді қарастырады.

Мезоэкономикалық деңгейде экономикалық қауіпсіздікті қарастыру ұлттың жалпы қауіпсіздігіне әсер етуші фактор ретінде алынады. Аймақтың экономикалық қауіпсіздігі ол экономикалық қауіпсіздік жүйесінің құрылымы, экономиканың тұрақтылығын, дамуын сипаттайды. Деңгейлер бойынша экономикалық қауіпсіздікті бөліп қарастыру арқылы жалпы экономикалық

қауіпсіздікке әсер етуге болады деген қорытындыға келуге болады.

Жаһандық экономикалық қауіпсіздіктің қауіп қатерлері:

Әлемдік қаржылық дағдарыс;

Әлемдік энергетикалық дағдарыс;

Техногендік және табиғи апаттар, ірі террористік акттар.

Әскери шиеленіс, аймақтық және әлемдік соғыстар.

Бұл қауіптер әлемдік экономика тәртібін тұрақсыздандырады, ал салдары көптеген әлем елдеріне әсерін тигізеді. Жалпы көптеген экономикалық қауіпсіздік қатерлерінің күшеюі, осы жаһандану әрекетінің нәтижесінде қалыптасады. Жоғарыда атап өткендей қатер: дағдарыс, әлемдік соғыстар т.б. формасында сырттан келумен қатар, ел ішіндегі де қатерлер экономикалық жағдайдың төмендеуіне әсер етеді, белгілі көрсеткіштермен сипатталады.

Экономикалық қауіпсіздіктің ішкі қатерлеріне мысалы, жалпы ішкі өнім деңгейінің айтарлықтай мөлшерде төмендеуі, инвестициялық және инновациялық белсенділіктің төмендеуі, ауыл шаруашылық секторының ішкі нарықты қамтамасыз ете алмауы жатады т.б.

Сыртқы қауіптер әлемдік экономикалық кеңістікте мемлекет рөлінің әлсіреуімен және елдің шикізат, энергетикалық ресурстар мен жоғары технологиялық ғылыми сыйымды тауарлар мен азық-түлік өнімдерді тасымалдаушыға айналуы, бәсекеге қабілетті емес тауар өндірісінің болуы және кедендік шекараның әлсіз қорғанысымен байланысты. Экономикалық қауіпсіздік мәселесі экономикалық қиындықты бастан өткізіп отырған немесе дамуы бойынша артта қалған елдерге қатысты ғана емес, керісінше экономикалық күш қуаты басым елдер бұл мәселені шешуге баса назар аударады [2].

Нәтиже және оны талқылау. Біз дүние жүзінде алатын орнымызға байланысты шағын экономикалы ел болғандықтан, әлемдік деңгейде емес, мақалада ұлттық экономика жағдайына әсер ететін қауіп-қатерлерге тоқталып, олардың көрсеткіштерін талдай отырып, елімізде қолдануға болатын қауіпсіздік шараларын, экономиканы оңтайландыру жолдарын ұсынуды жөн көрдік. Енді экономикалық қауіпсіздікті сипатты бағалау үшін қолданылатын көрсеткіштерге тоқталсақ:

Елдің даму мүмкіндігі мен ресурстық потенциалы;

Ресурсты қолданудың тиімділік деңгейі;

Экономикалық субъектілер мен экономиканың бәсеке қабілеттілігі;

Аумақтың тұтастығы мен экономикалық кеңістігі;

Мемлекеттік егемендік пен тәуелсіздігі;

Ұлтаралық сыртқы және ішкі қауіптерге қарсы тұра алу қабілеті мен әлеуметтік саяси тұрақтылық пен әлеуметтік шиеліністерді шеше алуы.

Экономикалық қауіпсіздіктің көрсеткіштер жүйесінде келесілерді ерекше көрсеткен жөн: өмір сүру деңгейі мен сапасы, инфляция қарқыны, жұмыссыздық нормасы, мемлекеттік қарыз, мемлекеттік бюджеттің тапшылығы, экономикалық өсім, алтын резерв көлемі. Аталған жалпылауыш экономикалық қауіпсіздіктің бағалаулары экономиканың маңызды салаларын қамтып, негізгі іргелі адамның өмір әрекетін қамтығанын көруге болады [4].

Ғылыми әдебиетте ұлттық экономикалық қауіпсіздік түсінігінің бірыңғай анықтамасы жоқ. Бір зерттеушілер оны халықаралық экономикалық жүйенің қауіпсіздігі мен ол қарастыратын мәселелер, мысалы, экономикалық дамудың әртараптылығы, қарыздың өсуі, аштықтың таралуы мен циклдық ауытқу және басқа да әлемдік экономиканы тұрақсыздандыратын аспектілермен байланыстырады. Басқа мамандар бәсекелі ұлттық экономиканың тиімді дамуына қолайлы жағдай жасауын қамтамасыз етуін басты

орынға қояды. Оған: шетелдің шикізат көзі мен энергиясына еркін қол жетімді, шетелдік инвестицияның тұрақты болуы және еркін тауар мен қызмет айырбастаудағы кепілі жатады. Ұлттық экономиканың сыртқы жағымсыз әсерлерге төтеп бере алатын факторларын үшке бөлсек болады. Бірінші топқа: табиғи факторлар, яғни, өзгеріске бағынбайтын: елдің аумағы, оның географиялық жағдайы, пайдалы қазбалардың болуы, климаттық жағдайлары. Екінші факторға салыстырмалы ұзақ уақытта өзгеріске ұшырауы мүмкін өндірістің даму деңгейі, технология, халықтың табыс деңгейі, алтын валюта резерві мен басқа даму деңгейінің көрсеткіштері мен байлығы жатады. Соңғысы, қысқа мерзімде реттеуге келетін факторлар: сыртқы сауда квотасы, мамандану деңгейі, әртараптандыру, сауданы шоғырландыру т.с.с. жатқызуға болады [5]. Ұлттық экономиканың тұрақтылығы экономикалық жүйенің орнықтылығын, күтпеген факторлардан қорғаныштығын білдіреді. Ол үшін мемлекеттер ұлттық экономикалық қауіпсіздіктің даму жолдарын әзірлейді. Экономикалық қауіпсіздікте елдің тұтастай экономикалық жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер айтарлықтай мәнге ие, мысалы: инфляция, жұмыссыздық деңгейі, Джини коэффициенті, табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасынан төмен халықтың үлесі т.б.

1-кесте – Қазақстанның экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштері

	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015
Табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасынан төмен халықтың үлесі %	8.2	6.5	5.3	3.8	2.9	2.8	2.7
Джини коэффициенті	0,267	0,278	0,289	0,284	0,276	0,278	0,278
Инфляция	6.2	7.8	7/4	6.0	4.8	7.4	13.6
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар	0,23	0,15	0,16	0,17	0,17	0,17	0.17

Ескертпе: Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері негізінде автор құрастырған <http://www.stat.gov.kz/> [6].

Кестедегі мәліметтерге талдау жасасақ, Джини коэффициенті 0 мен 1 диапазоны аралығында болуы керек екені мәлім. Қазақстанда бұл көрсеткіш нөлге жақын. Яғни, тұрғындар арасындағы табыстар деңгейі шамалас. Алайда, әр елдің өзінің ерекшелігі болғаннан кейін Джини коэффициентін елдің тұрақтылығын қамтамасыз етуші көрсеткіш ретінде қарастырған дұрыс емес. Сон-

дықтан басқа көрсеткіштерге тоқталсақ, инфляция деңгейі қалыпты жағдайда 10 пайыздан аспау керек, жоғарыда келтірілген кестеде олар қалыпты деңгейде. Ал табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасынан төмен халықтың үлесіне келер болсақ, ол көрсеткіш жылдан жылға азайып келеді. Тек мемлекет тарапынан ғылым мен білімге, зерттеу жұмыстарына бө-

лінетін шығыстар мөлшері аз болып отыр. Ал басқа елдерде Израиль, Оңтүстік Корея т.б. бұл көрсеткіш бес алты есе көп.

Төмендегі кестедегі көрсеткіштер 2008 жылдан 2015 жыл арасында беріліп, алдыңғы кезеңге қатысты салыстырмалы % түрінде берілген.

2-кесте – Қазақстанның экономикалық қауіпсіздік көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Төменгі көрсеткіш	Нақты жағдайы			Қауіпсіздікпен қамтамасыз етілу деңгейі	
		2012	2013	2014	2008	2015
		Табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінің шамасынан төмен халықтың үлесі	7%	184,21%	241,37%	250%
Джини коэффициенті	0,17	0,284	0,276	0,278	59,02%	61,15%
Инфляция деңгейі	20%	5.1	5.8	6.7	116,27%	147.05%
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалған шығындар ЖІӨ-ге % бен	2%	0,17	0,17	0,17	11%	8,5%

Ескертпе: Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері негізінде автор құрастырған <http://www.stat.gov.kz/> [6].

Қазақстан жер аумағы мен табиғат байлығы бойынша өз орны болғанымен, алдыңғы қатарлы елдерден айтарлықтай мөлшерде өндіріс технологиясы мен экономика жүйесінің сапасы жағынан артта қалуда. Сыртқы ортаның өзгермелі шарттарына бейімделу, әсіресе осы соңғы көрсеткіштерден тәуелді. Ұлттық экономика қауіпсіздігіне әсер етуші факторлардың сыйымдылығында елдің әлемдік экономикаға қатысу деңгейі ерекше орынға ие.

Әлемдік саудаға қатысу – экономикалық өсуді қамтамасыз ететін қаржылық және технологиялық ресурсқа жетуге қажетті шарттардың бірі. Дамушы елдердегі сыртқы сауда жоғарғы өсім қарқыны мен тауарлық құрылымдағы маңызды өзгертулермен сипатталады. Қазақстан өзінің дамуында кедергілерге кездеседі, олар өз кезегінде елдің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп-қатер туғызады.

Қазақстан Республикасының «Қ.Р. ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңы Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі орталықтандырылған нормативті құқықты акт болып табылады.

Экономикалық қауіпсіздік мыналарды:

1) мемлекет қаржы жүйесінің тұтастығын, тәуелсіздігін және орнықты дамуын қамтамасыз етуге қабілетті, оның нақты және ықтимал қауіп-қауіптерден қорғалу жай-күйін көздейтін қаржылық қауіпсіздікті;

2) мемлекет тұтынудың және демографиялық өсудің физиологиялық нормаларын қанағаттандыру үшін жеткілікті болатын сапалы және қауіпсіз азық-түлік тауарларына халықтың нақты және экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ете алатын экономиканың, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешеннің қорғалу жай-күйін көздейтін азық-түлік қауіпсіздігін;

3) мемлекет қоғам мен мемлекеттің энергия ресурстарына деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін энергетикалық тәуелсіздік пен экономиканың жылу-энергетикалық, мұнай-газ және атом-энергетикалық кешендерінің орнықты дамуын қамтамасыз етуге қабілетті олардың нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалу жай-күйін көздейтін энергетикалық қауіпсіздікті;

4) мемлекет автомобиль, темір жол, әуе, теңіз және өзен көлігі түрлерімен тасымалдарда және олармен байланысты қызметтерде экономика мен тұрғындардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдай жасауды, көлік инфрақұрылымын қалыптастыруды және дамытуды, сондай-ақ транзит әлеуетін орнықты дамыту мен бәсекеге қабілеттілігін қамтуды қамтамасыз етуге қабілетті, нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден экономиканың көлік саласы қорғалуының жай-күйін көздейтін көлік қауіпсіздігін қамтиды [7].

Заңда көрсетілген экономикалық қауіпсіздік түрлерінің біріне, яғни, энергия ресурстарына деген қажеттіліктерін қамтамасыз етумен бай-

ланысты қауіптен қорғалуды көздейтін энергетикалық қауіпсіздікке тоқталып өтсек.

Республика экономикасы жоғары энергия сыйымды технология үлесі мен энергия сыйымды өндірістік өндіріспен сипатталады. Экологиялық қауіпсіз энергия қуаты жел энергиясына бағытталған. Жалпы алғанда, Қазақстанның барлық аумағы жел генераторын орнатуға қолайлы. Мысалы, елдің шығысындағы тұрақты және қатты желі бар Жоңғар Алатауы энергетикалық жел генератор қондырғыларын орналастырудағы бірден бір аймақ болып табылады. Өндірілетін энергияның жалпы қуаты 300-500 МВт құруы мүмкін.

Сыртқы факторларды ескере отырып, Қазақстандағы энергетикалық қауіпсіздікті төмендетудің үш негізгі сипатын көрсетуге болады:

Транспорттауға кеткен қаржылық шығындар мен энергия ресурсын тұтынушылар нарығындағы сатылым көлемі арасындағы экономикалық арақатынасының ақталуы;

Тұтынушыларға шикізат энергиясын тікелей жеткізу;

Үшінші ел арқылы транзиттік тасымалдауда экономикалық және саяси кедергілердің болмауы.

Қорытынды

Ұлттық экономика қауіпсіздіктеріне дұрыс талдау жасау, оның нәтижелеріне байланысты қажетті шаралардың орындалуын талап етеді.

Ол үшін:

Ел ішінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін заң, нормативті актілердің болуы, олар-

ды жетілдіру. Оның негізінде қаржы, көлік инфраструктурасы, энергия т.б. салалардағы ақауларды жойып, тұрақтылыққа жету. Ұлттық экономикалық қауіпсіздік тиімді құқық пен мемлекеттік реттеу шартында ғана қамтамасыз етіле алады.

Сыртқы факторлардан ұлттық экономиканың тәуелділігін азайту үшін ел экономикасын дамыту, халықтың әл-ауқатын жақсарту, жұмысбастандықты, табысы күн көрісі ең төменгі халық деңгейін азайту арқылы әлеуметтік экономикалық қауіпсіздікке қол жеткізу.

Энергетикалық қауіпсіздік саласында: табиғи қорғау төлемдердің мөлшері мен төлеу тәртібінің, қоршаған ортаны қорғау қорының қаражаттарын қолданудың нормативті құжаттарын қайта қарастыру.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға жұмсалған шығындар көлемін ұлғайту, себебі отандық ғылымды дамытпайынша, жаңа инновациялық секторларды дамытуды және ғылымды қажет ететін салаларды құруды шешу мүмкін емес.

Қорыта келгенде, экономикалық қауіпсіздік ұлттық экономика өсіміне әсер ететін сыртқы және ішкі факторлардан тұратын, түрлі деңгейлі қауіптермен кепілдендірілген түрде қорғайтын, сыртқы және ішкі нарықта оның бәсеке қабілеттілігін қамтамасыз ету қабілеті. Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз ету деген сыртқы және ішкі ресурстардың жұмырлығының болуы, қоғам не мемлекеттің ұлттық мүдделерін көздей отырып, жарқын болашаққа қол жеткізуі.

Әдебиеттер

- 1 Ворожихин В.В. Об определении экономической безопасности в условиях глобализации // Экономическая безопасность. – 2014. – № 3. – С. 3-7.
- 2 Белозеров И.П. Экономическая безопасность государства в условиях глобализации // Вестник Омского университета. Серия «Экономика». – 2006. – № 4. – С. 21–26.
- 3 Айтбембетова А.Б. Оценка проблем экономического развития и экономической безопасности РК.
- 4 Миронов В.А. Национальная экономическая безопасность и проблемы ее обеспечения в Российской Федерации в условиях глобализации мировой экономики. [Режим доступа]: http://old.rea.ru/UserFiles/NeskorozenyVV/FSB/Econ_bez.PDF
- 5 Загашвили В.С. Экономическая безопасность России. – М.: Юристъ, 1997. – 239. [Режим доступа]: http://ecsocman.hse.ru/data/940/812/1219/002_Zagashvili.pdf
- 6 Интернет-ресурс: Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері. <http://www.stat.gov.kz/>
- 7 Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы <http://adilet.zan.kz/>

References

- 1 Vorozhikhin V.V. Ob opredelenii jekonomicheskoi bezopasnosti v uslovijah globalizacii // Jekonomicheskaja bezopasnost'. – 2014. – № 3. – С. 3-7.

- 2 Belozеров I.P. Jekonomicheskaja bezopasnost' gosudarstva v uslovijah globalizacii. Vestnik Omskogo universiteta. Serija «Jekonomika». – 2006. – № 4. – S. 21–26.
- 3 Aјtbembetova A.B. Ocenka problem jekonomicheskogo razvitija i jekonomicheskoy bezopasnosti RK.
- 4 Mironov V.A. Nacional'naja jekonomicheskaja bezopasnost' i problemy ee obespechenija v Rossijskoj Federacii v uslovijah globalizacii mirovoj jekonomiki. [Rezhim dostupa]: http://old.rea.ru/UserFiles/NeskorozenyVV/FSB/Econ_bez.PDF
- 5 Zagashvili V.S. Jekonomicheskaja bezopasnost' Rossii. – M.: Jurist#, 1997. – 239. [Rezhim dostupa]: http://ecsocman.hse.ru/data/940/812/1219/002_Zagashvili.pdf
- 6 Internet-resurs: Kazakstan Respublikasy Ұлттық Jekonomika Ministrлігі Statistika komitetiniң мәlimetteri. <http://www.stat.gov.kz/>
- 7 Kazakstan Respublikasynuң Ұлттық қауіпсіздігі туралы Kazakstan Respublikasynuң 2012 zhylyғы 6 қantardaғы № 527-IV Заңы <http://adilet.zan.kz/>